Монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

2025 жылғы 16 шілде Орал қаласы

1) қарау негізі:

Заңның 16-бабы 3-тармағының 26) тармақшасына сәйкес.

2) өтінішхат нысанасы:

Аудандық деңгейде спорттық жарыстарын өткізу қызметі.

3) өтінішхатта көрсетілген әлеуетті жеткізуші туралы мәліметтер:

«Ақжайық ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жігер спорт клубы» мемлекеттік комуналдық қазыналық кәсіпорны (БСН 120940006283).

4) алынған нәтижелердің қысқаша сипаттамасымен қарау шеңберінде (осы Қағидалардың 3-тарауына сәйкес) жүргізілген іс-қимылдар тізбесі:

4.1 Мемлекеттік кәсіпорынға қатысты басқаруды жүзеге асыру бөлігінде арыз иесінің өкілеттіктерін анықтау шеңберінде, Батыс Қазақстн облысы Ақжайық ауданы әкімдігінің 08.08.2012 жылғы №208 қаулысымен бекітілген «Ақжайық ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жігер спорт клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жарғысы зерделенді.

4.2. Өтінішхат материалдарындағы мәліметтерде көрсетілген, Сатып алуды жүзеге асырудың мақсаты - спорттық іс-шараларды ұйымдастыруды қамтамасыз ету, ауданның спорт мекемесінің инфрақұрылымын дамыту. Спортты дамыту бойынша қаржыландыруды жүзеге асыру, спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру. Орындаушы ҚР «Дене шынықтыру және спорт туралы» 30.09.2013 жылғы №1017 Заңына сәйкес халықтың әртүрлі топтары арасында дене шынықтыру мен спортты дамыту жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға қатысады, спортшылардың және спорттық жарыстар мен оқу-жаттығу іс-шараларына қатысатын басқа да

Мұратов Жансая Мұратұлы 16.07.2025 17:02

адамдардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін жағдай жасап, спортшыларға, жаттықтырушыларға және облыс мамандарына қамтамасыз етуді, дене шынықтыру және спорт жаттығуларға қажетті жағдайлар жасауды, сонымен қатар бұл адамдарға жоғары спорттық көрсеткіштерге қол жеткізуге көмектесу. Спорттық іс-шараларды, оның ішінде оқу-жаттығу жиындарын өткізу бойынша қызметтері, мемлекетке жеке кәсіпкерлік субъектілерімен көрсетілуіне қатысты заңнамалық тыйымдардың немесе шектеулердің бар-жоғы зерделенді.

4.3 Батыс Қазақстан облысы бойынша ЭҚЖЖ – 9320 нөмеріне сәйкес статистикалық бизнес-тіркелімінен тіркелген заңды тұлғалар, филиалдар және өкілдіктер тізбесінен ақпараттар алынды.

4.4. https://satypalu.gov.kz/ веб-порталынан аталған қызмет түрі бойынша бәсекелестік сатып алуды жүзеге асыру тұрғысынан талдау жүргізілді.

5) әрбір қарау кезеңі бойынша тұжырымдардың негіздемесі:

5.1. «Ақжайық ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ «Жігер спорт клубы» МКҚК Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 31-бабындағы 1-тармақтың 20 тармақшасына және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 134-бабының 3-тармақтың 4-тармақшасына сәйкес Ақжайық ауданы әкімдігінің 08.08.2012 жылғы №208 қаулысы негізінде құрылды.

«Жігер спорт клубы» МКҚК қатысты коммуналдық меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асыратын құрылтайшысы Батыс Қазақстан облысы «Ақжайық аудан әкім аппараты» ММ болып табылады.

«Жігер спорт клубы» МКҚК уәкілетті орган болып «Ақжайық аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ болып табылады.

5.2. Өтінішхат материалдарындағы мәліметтерде көрсетілген, Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы шекарасында аталған қызмет түрлері бойынша мемлекетке жеке кәсіпкерлік субъектілерімен көрсетілуіне қатысты заңнамалық тыйымдар немесе шектеулер жоқ екендігі анықталды.

5.3. ЭҚЖЖ – 9320 нөмері бойынша Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы шекарасында ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілері анықталған жоқ.

5.4. https://satypalu.gov.kz/ веб-порталы бойынша жүргізілген талдау нәтижелеріне сәйкес, аудандық деңгейде спорттық жарыстарын өткізу

Мұратов Жақсат Мұратұлы 16.07.2025 17:02

қызметі бойынша қызметтер түрлері бәсекелестік сатып алу тұрғысынан мәліметтер анықталған жоқ.

6) қорытындының қолданылу мерзімі:

Шарт жасалған күннен бастап 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі жыл ішінде жарамды.

7) Қорытынды беру үшін негіздердің бар немесе жоқ екендігі туралы түпкілікті шешім:

Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы шекарасында аудандық деңгейде спорттық жарыстарын өткізу қызметі бойынша ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілер болмағандықтан оң қорытынды берілсін.

Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және дамыту Агенттігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің басшысы **С. Вахитов**

Мұратов Жақсат Мұратұлы 16.07.2025 17:02